

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 28 (9346) | 1954 жылғы 6 февраль | Сенбі

Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан тыңғылықты әзірленейік

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымызда да барған сайын кеңінен өрістей түсуде. Жоғарғы Советтің депутаттығына кандидаттар ұсыну және ұсынған кандидатураларды қолдау жыйналыстары аяқталғаннан кейін аудандарда сайлаушылар өкілдерінің сайлау алдындағы жыйналыстары өтті. Ал, кеше Петропавл қаласында, облыстық драма театрының үйінде сайлау округтері еңбекшілері өкілдерінің сайлау алдындағы округтік кеңесі өтті.

Кәзіргі уақытта өнеркәсіп пен транспорт кәсіпорындарында, колхоздар мен совхоздарда, машина-трактор станцияларында үгіт-бұқаралық жұмыстар барған сайын қызы түсуде. Үгітшілер тікелей өндіріс орындарында, сол сыяқты, үгіт пункттерінде ССРО Конституциясы туралы, советтік сайлау системасы туралы және басқа көптеген тақырыптар бойынша әңгімелер өткізіліп жүр.

Облысымыздың кәсіпорындарының жұмысшылары мен ауыл шаруашылығының еңбекшілері сайлау күрметіндегі социалистік жарыс туын барған сайын жоғары көтеріп, сайлауға лайықты тартулар әзірлеуде.

Үгіт-бұқаралық жұмыстарын ойдағыдай жүргізумен қатар, сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан тыңғылықты әзірленудің зор роль атқаратындығы өткен сайлаулардың тәжірибесінен белгілі. Олай болса, бұл мәселеге күнбе-күн көңіл бөліп отыру қажет.

Еңбекшілер депутаттарының көптеген жергілікті Советтерінің атқару комитеттері сайлауға әзірліктің алғашқы күндерінен бастап-ақ өздерінің жұмыстарын бұл аса маңызды саяси науқанның талаптарына сай қайта құра бастады. Совет атқомдері сайлау учасіттерінің үгіт пункттеріне, сайлау комиссияларына арналған үйлерді кезінде бөліп, оларды жабдықтау жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз етті. Әресе, үгіт пункттерінің сайлаушыларды күнбе-күн қабылдауға лайықталып жабдықталуы тікелей Совет атқомдеріне байланысты. Олай болса, бұл жұмыс күнбе-күн қамқорлық жасауды қажет етеді.

Сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан әзірленуі барысында сайлаушылардың тізімін дұрыс жасау шешуші роль атқарады. Кәзір облысымызда сайлаушылардың тізімін жасау аяқталып келеді.

Петропавлдағы № 3 үгіт пунктінде күн сайын кешкілікте лекция тыңдауға, үгітшіге сұрақ қойып, кеңес алуға келген сайлаушыларды көптеп көруге болады.

Бірақ, істің жайы барлық жерде осындай деп айтуға болмайды. Мәселен, қаладағы кейбір учасіттерде бірнеше үгіт коллективтері бар. Алайда, олар әлі күнге дейін өздерінің жұмыстарын бүгінгі талаптарға сай өрістетуге алған жоқ.

Мәселен, № 9 сайлау учасітінің үгіт пунктінде жақсы жабдықталған үйге орналастырылған. Үгіт пунктіндегі істеуге тиісті жұмыстарының барлық саласын қамтыйтын жоспары да бар. Бірақ, істелген іс шамалы. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы коллективінен бөлінген 12 үгітшінің ішінен 10 үгітші әлі күнге дейін өздеріне бөлініп берілген учасіттерге бармаған.

Мұндай жағдай көптеген басқа да үгіт пункттерінде де кездеседі. Олай болса, аудандық қалалық партия комитеттері үгіт пункттерінің жұмысын үнемі бақылап отыруға міндетті. Оның үстіне жергілікті партия, совет органдары үгіт пункттері үйлерінің сайлауға арналған ұрандармен, плакаттармен безендірілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Сол сыяқты, еңбекшілер депутаттарының аудандық және ауыл-селолық Советтері сайлау комиссиялары мен үгіт пункттері үшін үй бөлмен ғана тынбай, олардың отынмен, жарықпен жабдықталуына да көмектесуге тиіс. Полудень, Будаев аудандарының селолық тұтынушылар қоғамдарының көпшілігінде керосин, шам сыяқты заттарды таба алмайсыз. Мұндай жағдай селолық жерлердегі үгіт пункттерінің кешкілікте жұмыс істеуіне нұқсан келтіреді. Олай болса, облыстық тұтынушылар одағы сайлау науқанына байланысты қажетті товарлардың жергілікті жерлерге мейлінше тез және қажетті мөлшерде жеткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан әзірленуде сайлау науқанын байланыс құралдарымен қамтудың маңызы өте зор. Сайлау материалдарының кезінде берілуі сайлауды ойдағыдай өткізуге көп көмектеседі. Сондықтан байланыс орындары барлық сайлау учасіттерінің немесе үгіт пункттерінің үйлерінде байланыс құралдары болуына жетісуге тиіс. Сонымен қатар, үгіт пункттерінің өзіне

Совхоз қызметкерлерінің СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі шақырған Бүкілодақтық кеңесі

3 февральда Кремльдің Үлкен Сарайында СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі шақырған совхоз қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі ашылды.

Кеңестің жұмысына 2105 адам қатысуда, соның ішінде совхоз директорлары — 800, агрономдар, зоотехниктер, малдәрігерлері мен инженерлер — 445, бөлімшелер мен фермаларды басқарушылар — 166, трактор бригадаларының бригадирлері мен комбайншылар — 100 адам. Кеңеске қатысушылардың арасында совхоздардың партия және комсомол ұйымдарының секретарьлары, министрліктің, кәсіпорындардың және ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкерлері бар.

Таңертеңгі сағат 10. Кремль Сарайының Үлкен залы кеңеске қатысушылармен толық толған. Президиумға Г. М. Маленков, Н. С. Хрущев, К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, М. З. Сабуров, М. Г. Первухин, Н. М. Шверник, М. А. Сулов, П. Н. Поспелов, Н. Н. Щаплин жолдастар келді. Жыйналғандар орындарынан тұрып, Партия мен Үкіметтің басшыларын ұзақ қолшапалақтаумен шын жүректен құттықтады.

Сол сыяқты, кеңестің президиумында совхоз өндірісінің озаттары, мол өнімнің шеберлері, атакты егін, өсөц және мал

өсірушілер мен механизаторлар бар. Олардың ішінде Москва облысы «Лесные поляны» совхозының директоры, Социалистік Еңбек Ері Ф. Ю. Голубаш, Ставрополь өлкесінің «Большевик» асыл тұқымды мал совхозының бригадир-шонаны, Социалистік Еңбек Ері Д. Т. Харченко және басқалары бар.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы қаулысының орындалу барысы туралы, совхоздар жұмысын жақсарту туралы ССРО Совхоздар Министрі А. И. Козлов жолдас баяндама жасады.

Баяндамадан соң Москва түбіндегі «Лесные поляны» совхозының директоры Голубаш жолдас жарыссөзде бірінші болып сөйледі. Ол сүттен мол өнім алу жөніндегі бай тәжірибесін ортаға салды.

Челябі облысының «Петропавловский» совхозының директоры Каминский жолдас қуатты техникамен жабдықталған ең ірі астық шаруашылығының жұмысы туралы баяндады. 30 мыңға жуық гектардай совхоздың егістік алаңдарында 60-тан астам тракторлар мен комбайндар жұмыс істейді. Совхоз игерген 10 мың гектар тыңайтылған және тың жерлерден алғашқы жылы өзінде-ақ жазғы бидайдың әрбір гектарынан 20—22 центнерден өнім алды. Үстіміздегі жылы совхоз тағы да 3 мың гектар тың жерлерге

* * *

Кешкі мәжілісте, 3 февральда, ССРО Совхоздар министрі Козлов жолдасының баяндамасын талқылау онан әрі жүргізілді.

Кировоград облысы, БК(б)П XVIII съезі атындағы совхоздың зоотехнигі Олейник жолдас совхоз коллективінің мал азығы базасын жасау жөніндегі күресі туралы айтты. Малды азықтандыруды дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде совхозда соңғы үш жылда әрбір сыйырдан сүт сауу 1220 килограмм артты.

«Омский» асыл тұқымды мал совхозының аға зоотехнигі Бохомский жолдас совхоздың сыйырдың құнарлылығын арттыру жөніндегі тәжірибесін ортаға салды. Мұнда 1953 жылы 500 сыйырдың

әрқайсысынан 5485 килограмнан сүт алынған.

Кохомский жолдас кейбір совхоздар бойынша механикаландыру жөніндегі жұмыс жоспарын белгілемегені үшін Совхоздар министріні сынады.

Латвия ССР, «Леруве» совхозының директоры Красовский жолдас өзінің өзінде бұл шаруашылықтың құрылғаннан бергі он жыл ішінде өсу дәрежесін дәлелдейтін мәліметтерді айтты. Мұнда сүттің жоғары майлы болуын қамтамасыз ететін жана латвиялық сыйырлардың тұқымы енгізілген.

—Алайда, бізде, — деді Красовский жолдас әлі де болса үлкен кемшіліктер бар. Өнімнің өзіндік құны әлі де жоғары, өндірістің қорлар жеткіліксіз. Совхоздар

* * *

4 февральда Москвада, Кремль Сарайының Үлкен залында совхоз қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі

—Петропавлдың төңірегінде қартоп-өсөц және сүт базасын жасаумен

Сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан тыңғылықты әзірлену—зор саяси маңызы бар іс.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын барлық жағынан бірдей тыңғылықты әзірлікпен қарсы алу—жергілікті партия, совет ұйымдарының бүгін таңдағы ең басты міндеті.

Сайлауға тартулар

Сайлау күрметіндегі социалистік жарыс

Қызылөскер қой совхозының коллективі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы қарсаңында еңбек өнімділігін еселеген қарқынмен арттыра түсуде. Олар сайлау күрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне көтерілкі міндеттемелер алды.

Совхоздың № 4 фермасы мемлекетке сүт тапсырудың жоспарын өткен жылы 104 процент етіп, артығымен орындаған еді. Осы ферманың сауыншылары А. Максимиенко, С. Гусева жолдастар өздеріне бекітіліп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 2450—2500 литрден сүт алды. Жақында болған бір жыйналыста Максимиенко, Гусева жолдастар үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанының жоспарын ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні—14 мартқа дейін орындап шығуға міндеттенді.

Сол сыяқты, басқа сауыншылар мен жұмысшылар да өздеріне көтерілкі міндеттемелер алды. Мұнымен бірге, № 3 ферманың коллективі № 4 ферманы социалистік жарысқа шақырды.

Фермаларда малды қыстан қонды шығарып, оның өнімділігін арттыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сыйырларға құнарлы шөп, жем және сүрленген азық беріліп тұрады.

Совхоз механизаторлары да тракторларды жөндеу және мал азығын фермаларға тасу жұмыстарында зор белсенділік көрсетіп жүр. Кәзірдің өзінде 24 трактор, 18 плуг, 36 сеялка және басқа ауылшаруашылық машиналары толық жөндеуден өтті.

Партия ұйымы жұмысшылар мен механизаторлар арасында үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізу үшін 40-тан астам үгітші бөліді. Олар партия ұйымының басшылығымен саяси үгітті өрістетіп, жұмысшылар мен механизаторларды сайлау күрметіндегі жарыста алған социалистік міндеттемелерін орындауға кеңінен жұмылдыруда.

Қ. ӘДІЛШИН,

Қызылөскер қой совхозы партия ұйымының секретары.

Еңбек қарқынын арттыра беремін

Мен 1951 жылдан бері Преснов ауданында

дәнді дақылдар себуді белгілеп отыр.

Каминский жолдас озат агротехника әдістерін қолданудың нәтижесінде 1953 жылы совхоз 23 мың гектар алаңның әрбір гектарынан 122 пұт дәнді дақыл, ал бидайдың әрбір гектарынан 132 пұт өнім алғандығын айтты. Совхоз егін шаруашылығы жөнінен ауылшаруашылық жылы 5 миллион сом пайда келтірумен аяқтады.

Москва түбіндегі Горький атындағы совхоздың бас агрономы Филатов жолдас өсөцтан мол өнім алу жөніндегі тәжірибесімен ауысты. Өткен жылы совхоз 400 гектар алаңның әрбір гектарынан 362 центнерден өсөц дақылдарын алды. 1953 жылы өсөц шығымдылығы 39 процент көтерілді. Совхоз астанаға 15 мың тонна өсөц жөнелтті. Азық-түліктің өзіндік құнын 32 процент кемітіп, совхоз 1 миллион сомнан аса үнем жасады.

Филатов жолдас теплицаларда алынсалмай, стеллаждардың екі қанатын орнату жолымен қысқы жағдайда көк шөптер өндірісін ұлғайтудың тамаша тәжірибесі туралы айтты. Осының нәтижесінде теплицалардың пайдалы алаңдары ұлғайтылған.

Кеңес өзінің жұмысын онан әрі жүргізуде.

(СОТА).

министрігі совхозды құрылыс материалдарымен және батпақты томарларды құрғату жөніндегі механизмдермен қамтамасыз етпей отыр.

Осы сыяқты, кешкі мәжілісте Эстон ССР, «Виёсу» совхозының директоры Метс, Тимирязевтің ауылшаруашылық академиясының профессоры Редькин, Қазақ ССР, Торангүл совхозының директоры Сейтмуллин, РСФСР Совхоздар министрінің орынбасары Пантиков, Қырғыз ССР, «Жуан төбе» асыл тұқымды мал совхозының директоры Демьянчук, Краснодар өлкесі, «Восток» жылқы заводының директоры Дубинский жолдастар сөз сөйледі.

Кеңес өзінің жұмысын онан әрі жүргізуде.

(СОТА).

Краснодар өлкесі, «Вторая пятилетка» совхозының директоры Шевчук жолдас

сағандар сайлауы кезінде 30 күн қалғанда ілінуге тиіс. Олай болса, осы қалған уақыттың ішінде тізімдердің мейлінше дұрыс жасалуы, сайлаушылардың фамилиясы, аты, әкесінің аты бұрмаланбауын қамтамасыз ету керек.

Бұл үшін тізімді жасасуға жергілікті Советтердің активтері кеңінен қатыстырылуға тиіс. Оның үстіне, әрбір сайлаушының тізімді тексеріп шығуы фамилияның, атының, әкесінің атының бұрмаланбауына, сөйтіп, тізімнің дұрыс жасалуына мүмкіншілік береді. Бұл жағдай, әсіресе, сайлау күні дауыс берудің ұйымдасқан түрде ойдағыдай өтуінің кепілі екені мәлім.

Бұл күндері, әсіресе, кешкі уақыттарда үгіт пункттерінде сайлаушыларды көптеп кездестіруге болады. Өздерінің жұмысын жоғары түрде жүргізетін үгіт пункттерінде сайлау алдындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарының пәрменді болатындығы кейбір үлгілі үгіт пункттерінің жұмысынан айқын көрініп отыр. Мәселен, Мамлют асыл тұқымды мал совхозындағы үгіт пункті бұл күндері саяси-бұқаралық жұмыстардың шын мәніндегі орталығы болып отыр. Өйткені, мұнда күн сайын кешкілікте сайлаушылармен міндетті түрде әңгімелер өткізіледі. Сол

Завод жастары паровозшылардың бастамасын қызу қолдауда

Көзір колхоздардың шаруашылығын нығайту, колхозшылардың әл-ауқат, мәдени-тұрмыс дәрежесін бірталай сайын жақсарту міндеті тұр. Бұл міндеттің мінезі жүзеге асырылуы — МТС-тердегі техника қуатының ауылшаруашылық жұмыстарына тиімді пайдаланылуына тығыз байланысты. Мұнымен бірге МТС-тердің техникалық базасы жаңа тракторлар есебінен толықтырылады.

Осы себепті Петропавл паровоз депосының комсомолдары тракторшы, комбайншы мамандықтарын меңгеріп, тікелей МТС-терде жұмыс істеу жөнінде тілек білдірді. Сонымен қатар, олар облыс комсомолдары мен жастарын бұл бастаманы қызу қолдауға шақырды.

Біздің заводтың комсомолдары мен жастары арасында паровозшылардың шақыруы қызу қолдау тапты. Бірқатар комсомолдар мен жастар МТС-терде жұмыс істеуде және тракторшы, комбайншы ма-

ландыру керек. Қаладағы және ауыл-селолардағы бірқатар үгіт пункттерінде телефон жоқ.

Округтік сайлау комиссиялары үгіт пункттерінің жабықталуын оларға қажетті нұсқаулар мен документтердің кезінде жеткізілуін үнемі бақылап отыруға тиіс.

Сонымен қатар, сайлау күні дауыс беретін үйлердің көзірден бастап белгіленуі керек. Ол үйлер сайлау туралы Ереженің талаптарына сай іріктелінін алынатын болсын.

Сайлауға әзірлікте екінші кезектегі мәселе деп қарайтындай мәселе болуы мүмкін емес. Сондықтан сайлауға байланысты мәселелердің «ұсақ-түйегіне» дейін жете назар аудару керек.

Сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан тыңғылықты әзірлену — зор саяси маңызы бар іс. Сондықтан сайлаушылардың кезінде және ұйымшылықпен дауыс беруіне қажетті жағдайдың бәрін тұғызу қажет.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын барлық жағынан бірдей тыңғылықты әзірлікпен қарсы алу — жергілікті партия, совет ұйымдарының бүгін таңдағы ең басты міндеті.

мандықтарын меңгеретін курстерге оқуға жіберуді сұрап, комсомол комитетіне арыз берді.

Бұлардың қатарына заводтың транспорт бөлімінің жас жұмысшысы Иван Шолохов, Леонид Фарафонов жолдастарды қосуға болады. Олар тракторшылар курстеріне оқуға жіберуді сұрады. Осы сияқты механикалық цехтың жұмысшысы комсомолец Юрий Клименко және жас жұмысшы Владимир Зорин жолдастар МТС-терде жұмыс істейтіндерін білдірді.

Біздің заводтың комсомолдары мен жастары Совет Одағы Коммунистік партиясы сентябрь Пленумының «ССРО ауылшаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын мінсіз жүзеге асыру ісіне өз үлестерін қоса береді.

Г. КОМИССАРЕНКО,

Шойын-құю таразы заводы комсомол комитетінің секретары.

Ме ханизатор-әйелдердің шақыруына жауап

«Комсомолка» тігін фабрикасының көсіподақ ұйымы мен комсомол комитеті фабриканың жұмысшы әйелдері арасында Қазақстанның механизатор-әйелдерінің кеңесіне қатысушылардың хатын оқып, түсіндіру жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізді. Мұнда әрбір цехта бұл хат дауыстап оқылып, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының социалистік ауыл шаруашылығын жаңадан мықтам өркендету жөнінде алға қойған міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруда механизаторлардың қатарын онан әрі толықтырудың, олардың мамандығын арттырудың қаншалықты зор маңызы бар екендігі түсіндірілді.

Республиканың механизатор-әйелдерінің хатын қызу қолдап, фабрикада механизатор мамандығын меңгеруге тілек

білдіргендердің бірі — 2 цехтың жас жұмысшысы Раиса Холябкина болды. Цехта механизатор-әйелдердің хаты талқыланғаннан кейін, ақ Холябкина жолдас комсомол комитетіне өзін комбайншылар даярлайтын курске оқуға жіберуді сұрап, өтініш жазды.

— Республикамыздың механизатор-әйелдерінің хаты, — деп жазды ол өзінің өтінішінде, — мені механизатор-әйелдердің үлкен армиясының қатарына қосылуға, механизатор мамандығын меңгеріп, қыр кемесі — комбайнмен еңбек етуге жігерлендірді. Мен комбайншы болғым келеді. Бұл мақсатымды орындау үшін мені комбайншылар даярлайтын курске жіберуіңізді сұраймын.

М. МӘЛГАЗДАРОВ.

ССРО Министрлер Советі шақырған Бүкілодақтық кеңесі өз жұмысын онан әрі жүргізді.

Кеңеске қатысушылар ССРО Совхоздар министрі А. И. Козлов жолдас партяның Орталық Комитеті сентябрь Пленумының совхоздардың жұмысын жақсарту туралы қаулысын орындаудың барысы туралы баяндамасын талқылауда.

Грузин ССР, Очхамур чай совхозының директоры Пугуридзе жолдас чайдан мол өнім алу жөнінде айтты. 1929 жылы тер-марлы батпақты және бос жатқан жерлерде ұйымдасқан Очхамур совхозы көзір Грузияның алдыңғы қатарлы шаруашылықтарының бірі болып саналады. Мұнда 500 гектар чай плантациясы жасалған. 1953 жылы совхоз коллективі әрбір гектардан 5200 килограмнан чай жапырағын жыйнады, бұл республика бойынша алынған орта өнімнен 2 есе артық.

Совет Одағының Батыры Зайцевтың атындағы совхоздың директоры Задесенец жолдас Карел-Фин республикасындағы бұл ірі овощ-мал шаруашылығы коллективінің СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қарарлары жүзеге асыру үшін қалай күресіп жатқанын хабарлады.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлене отырып, совхоз коллективі көптемі өгіске ойдағыдай әзірлену жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетті. Задесенец жолдас Карел-Фин ССР Министрлер Советі республиканың аста-

4 февральдағы кешкі мәжілісте ССРО Совхоздар министрі Козлов жолдас баяндамасы бойынша жарыссөз онан әрі бола берді.

Өзбек ССР Совхоздар министрі Жалелов жолдас өткен жылы республиканың озат шаруашылықтары үлкен егістік алаңның әрбір гектарынан 40 центнерден шитті мақта алғандығын айтты. Барлық мақта өсіретін совхоздар мемлекеттен қосымша қарыз алмай жұмыс істейді және 1952 жылы 30 миллион сом пайда келтірді. 1953 жылдың пайдасы, шамамен, 60 миллион сом болады. Совхоздарда, деді Жалелов жолдас, егістік алаңды ұлғайту және егістің өнімін ұлғайту есебінен мақта және басқа дақылдар өндірісін мұнан әрі көбейте беру үшін көп мүмкіншіліктер бар. Жаңа жерлерді игеру үшін экскаватор, бульдозер, қанава қазғыштар сияқты қажетті машиналар жеткілікті. Жалелов жолдас мақтаны жыйнау, кештіру, тазалау және мақтаны тасымал жұмысына әзірлеу жөніндегі жұмыстарды мейлінше толық механикаландыру туралы мәселе қойды.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысымен жігерленген біздің № 20 колонер училищесінің коллективі өзінің қамтуына алған Булаев ауданы, Карл Маркс атындағы колхозға көп материалдық-техникалық көмек көрсетуде. Демек, коллектив осы колхоздың ұста дүбеңіне, ауылшаруашылық машиналарына қажетті қосалқы бөлшектер, құрал-жабдықтар, азық буландығын машина жасап беруге міндеттенген болатын.

Әрі қарай шаруашылық отырғын айтты. Осының сақтарынан бұл дақылдарды жергілікті жерде өсіруге болса да, овощ еліміздің оңтүстік аудандарынан әкелініп отыр.

Украин ССР Совхоздар министрі Коваль жолдас республиканың совхоздары зябь жыртудың жоспарын орындағанын және үстеміздегі жылы барлық жаздық дақылдар зябьке егілетінін хабарлады. Сыйырдың, шошқаның, қойдың басы көбейді.

Коваль жолдас совхоз өндірісінің артта қалушылығын жою, шаруашылықтарды маман кадрлармен нығайту мақсатымен қолданылып отырған шаралар туралы айтты.

Коваль жолдас арнаулы мамандық білімі жоқ, бірақ, ауыл шаруашылығын жақсы білетін совхоз қызметкерлерінің курстарын ұйымдастырып, даярлау жөнінде мәселе қойды. Осы сыяқты ол жоба жасайтын ұйымдар мал үшін үлкенірек қораларды жобалауы керек екені жөнінде ұсыныс енгізді. Басты мәселе сол — бұл қораларды тазалау және малға азық беру сыяқты жұмыстарды механикаландыру ісімен тез шұғылданыу қажет.

Түркиядағы каракуль шаруашылығы совхоздары тресінің директоры Наджаров жолдас шөлейтті далаңды қыйын жағдайында қойды көп өсіріп, оның өнімділігін арттырып отырған шопаңдар мен мамандардың қажырлы еңбегі туралы айтты.

* * *

Херсон облысының «Бериславский» совхозы партия ұйымының секретары Свиренко жолдас совхоз жұмысшылары арасында СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын насихаттау жөніндегі тәжірибесімен ауықты.

Чкаловтың ет-сүт мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры Евсеев жолдас Оңтүстік-Шығыстың құрғақшылық аудандарының совхоздарында тұрақты мал азығы базаларын жасау мәселесіне тоқталды.

Белорус ССР «Красная звезда» совхозының директоры Бурый жолдас сүтті малдың өнімін арттырудың орасан зор мүмкіншіліктері туралы айтты.

Краснодар өлкесі, «Кубань» совхозының директоры, Социалистік Еңбек Ері Трофименков жолдас 1953 жылы совхоз 5700 гектар егістік алаңға егілген дәнді дақылдың әрбір гектарынан 23,5 центнер өнім алғандығын баяндады. Құнбағыстың әрбір гектарынан 23 центнер, ерке шөптің гектарынан 29 центнер өнім алынды.

Іспен жауап береміз

Училищенің біртөп оқушылары тәжірибелі мастерлердің басшылығымен алған міндеттемелерін мұтікісіз жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Көзірдің өзінде олар колхозға бұзау суаруға арналған алты метрлік науа, колхоз ұстаына қажетті құрал-саймандар, металдан жасалған 4 азық буландығын машина және көптеген шелек, қамыт жасап берді.

Училище коллективі колхозға көмегі

шаруашылығын қызметкерлері СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысына қызу үн қосып, барлық дақылдардың шығымдылығын арттыру, мал басын көбейту және оның өнімділігін шұғыл арттыру жөніндегі күресті кеңінен өрістеткенін мәлімдеді. Өткен жылы совхоз орта есеппен әрбір сауын сыйырдан 4412 литрден сүт алды, әрбір 100 гектар шабындық және жайылымдық жерден мемлекетке тірі салмақта 271 килограмм ет тапсырды.

Мұнан кейін шешен мал шаруашылығы совхоздары көп орналасқан барлық аудандарда ет комбинаттарының құрылыстарын жасаудың қажеттігін айтты.

Литваның «Трошкунай» жас совхозының табыстары туралы айта келіп, бұл совхоздың директоры Шедров жолдас ССРО Совхоздар министрінің жұмысына дағы кемшіліктерге тоқталды.

Алтай астық совхозының директоры Фромов жолдас ауыл шаруашылығы өндірісін өркендету ісінде пайдаланылмай кеш жатқан резервтер туралы айтты. Маңызы резервтердің бірі, деп көрсетті шешен, еңбекті көп керек ететін процестерді механикаландыру болып табылады. Алайда, Совхоздар министрі бұл іске жеткілікті көңіл аудармай отыр.

Осы сыяқты таңертеңгі мәжілісте Мурман облысы, Кольск астық совхозының директоры Воробьев, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы профессор Эдельштейн жолдас сөз сөйледі.

(СОТА).

Басқа совхоздарға көпжылдық шөптердің мың центнерден артық тұқымы берілді. Совхоз астықтың өзіндік құнын едәуір кемітуге жетісті. 1950 жылмен салыстырғанда 1953 жылы бір центнер астықтың құны 40 процент кеміді.

Трофименков жолдас СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын ойдағыдай орындау үшін социалистік жарысты кеңінен өрістетуге еліміздің совхоздары қызметкерлеріне үндеу қабылдауға ұсыныс енгізді. Бұл ұсынысты кеңеске қатысушылардың барлығы қызу қуаттады.

Сол сыяқты, кешкі мәжілісте В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының президенті академик Лысенко, Қазақ ССР-нің Совхоздар министрі Власенко жолдас, Москва түбіндегі озат «Горки-II» совхозының директоры, Социалистік Еңбек Ері Семенов жолдас сөз сөйледі.

Кеңес өзінің жұмысын онан әрі жүргізуде.

(СОТА).

С. КОБЗЕВ,
Петропавл қаласындағы № 20 колонер училищесінің директоры.
И. ВАЛЯЕВ,
Училище партия ұйымының секретары.

лып істеп келемін. Бұл мамандықта едәуірден бері жұмыс істеу арқылы қойды бағып, күтуде жақсы тәжірибелерді үйрендім.

Өз жұмысыма зоотехникалық ғылымның табыстарын кеңінен қолдану нәтижесінде өткен жылы зор табыстарға ие болдым. Демек, қойды қонды, қозыны шығынсыз өсірдім.

Бәзір қарауымда 300 саулық бар. Олар әрі шығынсыз, әрі жоғары қонды өсіріліп келеді. Өйткені, мен қойдың қонды төмендетпеу үшін оларды тәулігіне 3—4 рет азықтандырып отырамын. Саулыққа да, қозыға да беретін шөпке тұз қосып, нәрлендіріп беремін.

Адал еңбек даңқ шығарады, аброй әпереді. Колхозшылар менің үш жылдан бері колхоздың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге қосқан үлесімді зор бағалап, құрметтейді. Өткен жылы еңбекқұниме 200 пұт астық, жүздеген сом ақша алдым. Кейбір колхозшылар еңбекқұниме астықты да, ақшалай табысты да менен де көп алды. Сөйтіп, біздің мәдени-тұрмыс жағдайымыз жылдан-жылға артып келеді.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу туралы Указды бүкіл совет халқымен бірге мен де қуаныш сезіммен қарсы алдым. Колхоз малшылары сыяқты сайлау құрметіндегі социалистік жарысқа қосылып, қарауымдағы малды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай бағып, күтуде, 300 саулықтан 350 қозы алуға, оларды шығынсыз өсіруге уәте бердім. Мен өзімнің берген бұл уәдемді іс жүзінде орындап шығамын. Сөйтіп, бүкілхалықтық мереке — сайлау күнін еңбекте жаңа табыспен қарсы аламын.

Ә. МҰҚАЖАНОВ,

Преснов ауданы, «Баян» колхозы қой фермасының аға шопаны.

Мал күтудің шеберлері

Полудень ауданындағы «Путь коммунизма» колхозының мал өсірушілері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Олар сайлау болатын күнді лайықты табыстармен қарсы алу үшін малды шығынға ұшыратпау, оның қонды төмендетпеу және онан алылатын өнімдерді молайту жолындағы еңбек қарқынын бұрынғыдан да арттыра түсуде.

Колхозда мал азығы жеткілікті дайындалған болатын. Мал азығы балансының ішінде жай шөптен басқа 2 мың центнер сұрленген шөп, 2 мың центнер концентрат, 600 центнер тамыр жемісті азық бар. Азықтың ұқштылықпен жұмсалуына бақылау жасалынған, ол малға белгіленген рацион бойынша беріледі. Барлық мал жайлы қораларға орналастырылған.

Қоғамдық малды бағып күтуде малшылар П. Ударцов, Е. Коробельникова жолдастар еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Олар малды зоотехникалық ережеге сай бағып күтуде.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия оқуының идеялық мазмұнын жақсарту керек

СОКП-ның XIX съезі идеологиялық жұмысты партия ұйымдарының бірінші дәрежелі міндеті етіп қойды. Партия насихаты идеологиялық жұмыстың өзегі екені мәлім. Өздерінің міндеттеріне осы тұрғыдан қарап, ауданның бірқатар бастауыш партия ұйымдары коммунистер мен партияда жоқ кадрларды саяси тәрбиелеу, олардың маркстік-лениндік білімдерін арттыру ісіне ойдағыдай қамқорлық жасауда.

Бұл жөнінде Қыялы астың совхозының партия ұйымы жұмысын мысалға алуға болады. Партия ұйымы жаңа оқу жылына тыңғылықты әзірленіп, коммунистер мен партияда жоқ жолдастардың маркстік-лениндік оқуын олардың білімдері мен тілектеріне қарай ұйымдастырды. Мұнда саяси мектептер мен үйірмелердің сабағы белгіленген күндерде, тыңдаушылардың толық қатысуымен өтіп келеді. Насихатшылар өздерінің теориялық және методикалық білімдерін үнемі арттыра отырып, әрбір сабақтың идеялық мазмұны жоғары болуына зор назар аударады.

Жоғары дәрежелі білімі бар, аға зоотехник коммунист Жанпейісов жолдас СОКП тарихын үйренетін негізгі типті үйірмеде насихатшы болып істейді. Ол әрбір сабақты коммунистік құрылыстың практикалық мәселелерімен байланыстырып, маркстік-лениндік теорияның мәнін түсіндіре біледі, тыңдаушылардың сабаққа белсене қатысуын ұйымдастырады. Насихатшы альбом, карта сыяқты көрнекі құралдарды және көркем әдебиет кітаптарын пайдаланады. Сабақтың мазмұнды ұйымдастырылуы үйірме тыңдаушыларының саяси және өндірістік белсенділіктерін арттырды. Мәселен, коммунистер Қарташев, Вишевков және басқалары өндірісте авангардтық рөл атқарып, совхоз жұмысшылары арасында үгітші болып істейді.

Совхоз партия ұйымы партия жыйналысында және партия бюросының мәжілістерінде коммунистердің оқуы жөнінде арнаулы мәселелерді жиі талқылайды. Онда тыңдаушылардың сабаққа қатысуы жөнінде ғана сөз болмай, сабақтың идеялық дәрежесі жөнінде сөз болады. Осы сыяқты Қыялы элеваторы партия ұйымының жанындағы СОКП тарихын үйренетін жоғары типті үйірменің де сабағы мазмұнды етеді. Насихатшы Юрченко жолдас маркстік-лениндік теорияны тыңдаушылардың творчестволық жолмен үйренуіне жеткізеді. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін бір мысал келтірейік.

Жақында үйірмеде В. И. Лениннің «Коммунизмдегі солшылдықтың балалық ауруы» деген еңбегі бойынша семинар сабағы өтті. Сабақтың барысында тыңдаушылар, әсіресе, Изотов, Архипов, Цой,

Мұстафин жолдастар әңгімеге белсене қатысып, лениндік бұл еңбектің біз үшін, сондай-ақ, халықаралық маңызын кәсіргі жағдайлармен байланыстыра отырып, нақтылы фактілермен дәлелдеп берді. Тыңдаушы Мұстафин жолдас В. И. Лениннің «Коммунизмдегі солшылдықтың балалық ауруы» деген еңбегі шетел Компартиялары мен Жұмысшы партияларының капитализмге қарсы күресте тактикалық программасы болып табылатынын айтты.

Алайда, бірқатар жерлерде партия оқуы кәсіргі өскелең талаптарға сай ұйымдастырылмай отыр. Саяси мектептер мен үйірмелердің сабақтары кезінде өтпеуі, немесе, сабақтың идеялық мазмұнының төмен болуы, тыңдаушылардың сабаққа толық қатыспауы сыяқты тегісіз фактілер жиі кездеседі. Мұның өзі ең алдымен бастауыш партия ұйымдарының коммунистердің саяси оқуына немқетті қарзуынан болып отыр деуіміз керек.


Еңбекшілер депутаттары аудандық Советі атқомінің жанындағы СОКП тарихын үйренетін жоғары типті үйірмеде жыл басынан бері небары 8-ақ рет сабақ өтті. Соның өзінде насихатшы М. Яковенко жолдас сабаққа көбіне әзірліксіз келіп, өзінің әңгімесінде тек программалық материалдың мазмұнын айтып берумен тынып келеді. Мұның себебі не? Ашып айту керек, Яковенко жолдас мұнан 3—4 жыл бұрын партия мектебінен алған білімі мен қанағаттанғысыз, соңғы кезде өздігінен оқудан немесе басқа оқу орындарынан оқудан мүлдем қол үзді. Осы себепті ол үйірменің сабағын қанағаттанғысыз ұйымдастырып отыр. Ал, партия ұйымының секретары Е. Назаров жолдас бұл тегісіз фактілерді біле-тұра, партия жыйналысында үйірме жұмысының жайы жөнінде мәселе қарауды, сөйтіп, коммунистердің оқуын жақсартуды ұмыт қалдырып келеді.

«Еркіндік» колхозы партия ұйымы коммунистерінің оқуы жөнінде де осыны айтуға болады. Партия ұйымының секретары, әрі насихатшы Нұрбаев жолдас сабаққа әзірліксіз келіп, оны оқулықтың мазмұнын оқып берумен өткізуді әдетке айналдырған. Партия оқуындағы мұндай формальдылыққа жол беруге болмайды.

Насихатшы — партия оқуындағы негізгі тұлға. Олай болса, саяси мектептер мен үйірме жетекшілері өздеріне жүктелген партиялық тапсырмаға жауаптылық сезіммен қарап, партия оқуының идеялық мазмұнын үнемі арттырып отыруға тиіс. Ал, партия ұйымдары коммунистердің маркстік-лениндік оқуын партия қойған талаптарға сай ұйымдастыруға міндетті.

М. КӨМӘЛИЕВ,

ҚКП Совет аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы.



Павел Вишняков облыстық кино аппараттарын жөндеу мастерскоюнда токарь және жабдықтау жөніндегі мастер болып істейді. Вишняков жолдасдың бірнеше жаналық табу ұсыныстары өндіріске енгізілді.

СУРЕТТЕ: таңдаулы токарь П. Н. Вишняков жолдас.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Үгітшілер мен насихатшылар бұрышы

Облыстық кітапханының оқу залында үгітшілер мен насихатшылардың бұрышы ұйымдастырылған. Мұнда үгітшілер мен насихатшылардың сайлаушылармен өткізетін кезекті әңгімесіне дайындалу үшін қажетті әдебиеттер жыйнақталған. Ал, бұрыштың көрмесінде Совет Одағының Конституциясы, еңбекшілер депутаттары, совет сайлау системасы және ССРО азаматтарының праволары мен міндеттері туралы кітаптар қойылған.

МӘДЕНИ-ҮГІТ БРИГАДАСЫНЫҢ ЖОРЫҒЫ

Торангүл совхозының (Ленин ауданы) бастауыш комсомол ұйымы комсомолецтерден мәдени-үгіт бригадасын ұйымдастырды. Оның құрамында 15 комсомолец бар. Бригаданы совхоз комсомол ұйымының секретары А. Онищенко жолдас басқарады.

Жақында бұл мәдени-үгіт бригадасы жорыққа шығып, совхоздың № 3 фермасында болды. Мұнда бригада мүшелері сайлаушылармен сайлау Ережесі жөнінде әңгімелер өткізіп, концерт берді.

Қ. ҚАЗАНБАЕВ.

Жас сайлаушылармен әңгіме

Қаладағы педагогикалық училищенің оқушылары сенбі күндері саяси ғылым

Мал қыстапуды озаптарша жүргізелейік

(Тілші хаттарына шолу)

Қоғамдық мал шаруашылығы — ауыл шаруашылығының ең күрделі саласы. Оны неғұрлым тез өркендетудің еліміз үшін өмірлік зор маңызы бар. Сондықтан да Коммунистік партия мен Совет Үкмегі колхоздар мен совхоздарда мал шаруашылығындағы артта қалушылықты жою, мал санын көбейту, оның өнімділігін арттыру, тұқымын асылдандыру міндеттерін қойып отыр.

Кәзір облысымыздың колхоздарында бұл міндеттерді орындау жолындағы күрес қызу қарқынмен жүргізілуде. Қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетуге, оның товарлығын ұлғайтуға колхозшылардың ынталылығы артауда. Өйткені, колхозшылар мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру арқылы өздерінің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін жақсартып береді. Сондықтан қоғам мүддесі — әрбір колхозшының өз мүддесі болып табылады. Мұның өзі оларды қоғамдық малшаруашылығында, сондай-ақ, қоғамдық шаруашылықтардың басқа да салаларында жаңа табыстарға жете беруге жігерлендіре түседі.

Облыс колхоздарының мал фермаларында жұмыс істейтін колхозшылардың қажырлы және үлгілі еңбектері жөнінде редакцияға тілші хаттары көптеп түседі. Тілші Айтқожин жолдас Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозының сыйыр фермасындағы мал күтушілер А. Шанкин, Н. Мұқышов жолдастардың малды күту, азықтандыру жөніндегі тәуліктік жұмыс тәртібін қатаң сақтап, малдың қоңдылығын жаз айларындағы қалпында сақтап келе жатқандығын жазады. Осы ауданның Аманкелді атындағы колхозынан Әкімжанов жолдас былай деп хабарлайды: «Аманкелді атындағы колхоздың қарт жылқышысы Кобеев Аманның жылқыларды қыста тебінде бағудан бай тәжірибесі бар. Ол қар түспес бұрын тебіндіктердің шөбін байқап, оны участоктерге бөлуді әдетке айналдырған. Аман қарт жылдағысындай быйыл да жылқыларды жылы күндері далаңқы тебіндіктерде, ал, боранды күндері тоғай ығындағы тебіндіктерде бағып келеді. Шөбі шүйгін тебіндіктерді қыстың ең суық айларына сақтайды. Осының нәтижесінде колхоздың тебіндегі 350 жылқысы қоңды қыстатылуда. Сол сыяқты, Дүйсенбаев жолдас Абай атындағы колхоздың шопандары қойларды күтудің, азықтандырудың зоотехникалық ережелерін бұлжытпай жүзеге асырып, қойды қоңды өсіріп отырғандарын хабарлайды.

«Еркіндік» колхозының (Совет ауданы) сыйыр фермасындағы 128 тайша Ж. Байкиннің қарауына бекітілген, — деп жазады тілші Мұқышов жолдас. Байкин жолдас тайшаларды қоңдылығына қарай қораларға орналастырған. Ол малды азықтандыру жөнінде жасалған рационды бұзбай, тайшаларды тәулігіне үш рет, қатты суықтарда төрт рет азықтандырады. Олардың жатқанда өкпесіне сыз өтпеуі үшін төсейіндерін күбе-күн тазартып, күре-

табыстары үшін қосымша ақы ретінде оған бір құлын берді.

Булаев ауданындағы «Победа» колхозының товарлы сүт фермасындағы малдардың орта және ортадан жоғары күйі бар. Бұл — малшылар Жиенова, Жоламанова, Грауберг жолдастардың малды күту, азықтандыру жұмыстарын аса жауапкершілікпен атқаруының нәтижесі, деп хабарлайды тілші Утиян.

Тілші Сүлейменов, Қайырова жолдастар Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында да мал қыстату жұмысының үлгілі ұйымдастырылғаны, жемшөпті жұмсаудың дұрыс жолға қойылғаны жөнінде жазады.

Мал өсірушілердің өздеріне бекітіліп берілген малдарды қоңды және шығынсыз күту жолындағы қажырлы еңбегі, колхоздарда жемшөптің берік қоры жасалып, оны жұмсау жолға қойылғанды, мал қоралары жақсы жолытылғанды ғана өзінің игі нәтижесін береді. Бірақ, бірқатар колхоздардың басшылары бұл жұмыстарды кәзіргі талаптарға сай ұйымдастыра алмай келеді.

Жамбыл атындағы (Октябрь ауданы) колхозда жемшөп дайындау жоспары көп кем орындалды. Осыған қарамастан қолда бар мал азығы ұқсас, бейберекет жұмсалды. Сабаңды малға нәрлендіріп, булап беру жөнінде белгіленген шаралар жүзеге асырылмайды. Мұның ақыры мал қолда қорда күтілген үш айдың ішінде 1 мың центнерге жуық жемшөптің белгіленген нормадан артық жұмсауына әкеліп соғып отыр. Өзінің редакцияға жазған хатында Әбілмәжінов жолдас осы аудандағы Торангүл МТС-нің қамтуындағы колхоздарда мал қыстату жұмысы мүлдем қанағаттанғысыз ұйымдастырылғанын, ал, оларға МТС тарапынан көмектің өте аз болып отырғанын хабарлайды.

«Смычка», Ленин атындағы колхоздарда, — деп жазады ол, — даладағы шөпті мал қоралары жанына тасу жұмысы өте мөте нашар ұйымдастырылған. Бұл жұмысқа МТС тарапынан техника қуатты бөлінбеген. Ал, колхоз басқармасы бөлген келік күштері шөп тасуға өте өнімсіз пайдаланылады. Осындай кемшіліктердің салдарынан Ленин атындағы колхоздың «Сазды ағаш» дейтін жердегі сыйыр фермасында күнбе-күнгі тасылған шөп малды азықтандырудан аспайды. Фермаларда мал күтушілердің еңбегін ұйымдастыру, олардың мәдениетті туруларына жағдай жасау колхоз басшыларының мүлдем ұмытқан ісі.

Кейбір колхоздарда мал қыстату жұмысының нашар ұйымдастырылуына, фермаларда зоотехникалық-малдәрігерлік ережелердің дұрыс сақталмауына мал басының шығынға ұшырау фактілері де бар. Мал қыстату жұмысындағы мұндай кемшіліктерге түзуге болмайды. Кәзір облыс колхозшылары еліміздегі барлық

СОВЕТ АРТИСТЕРІНІҢ ДЕЛИДЕГІ ҚОРЫТЫНДЫ КОНЦЕРТІНІҢ ОРАСАН ЗОР ТАБЫСЫ

ДЕЛИ, 4 февраль. (СОТА). Кеше Делидің стадионнда совет артистерінің қорытынды концерті болды. Стадионға баратын барлық жолдарды халықтың лек-лек болған топтары, велосипедшілер және автомашиналар алып кетті. Стадионның мінбесі және арнаулы жабдықталған сахна Совет Одағының және Индия республикасының мемлекеттік туларымен безелді.

12 мыңнан астам адам қатынасқан концерт орасан зор табыспен өтті. Концертке М. Плисецкая, Ю. Гофман, М. Михайлов, Л. Масленикова, М. Тұрғынбаева, Р. Бейбутов және басқа совет артистері қатынасты.

Концерт аяқталғаннан кейін совет артистеріне роза және гириялдың жас гүлдерінен сыйлықтар тартылды.

Мындаған зрительдер «Орыстар мен индиялықтар туысқан адамдар, туысқан адамдар!» деген сөздерді бірнеше рет қайталап, Совет Одағының совет артистері делегациясының құрметіне құттықтаулар айтты.

ФРАНЦУЗ ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫНЫҢ АНТИДЕМОКРАТИЯШЫЛ ШАРАЛАРЫНА ҚАРСЫ

ПАРИЖ, 4 февраль. (СОТА). 1934 жылы февральда француз астанасының еңбекшілері фашистік төңкерісті болдырмау үшін көшеге шыққан болатын, осы дақты февраль оқиғаларын атап өтуге арналған халықтық демонстрацияларды 14 февральда ұйымдастыруға Париждың полициялық өкмет орындарының тыйым салуға қарар қабылдауы елдің демократияшыл жұртшылығының арасында ыза-көк тудырды. «Юманите» газетінде полициялық өкмет орындарының қарарын бұзуды батыл талап етуге француз еңбекшілерін шақырған Жаппай еңбек федерациясы Бюросының үндеуі жарияланды. Үндеуде демонстрацияға тыйым салу халықтың «конституциялық праволарына» жаңадан шабуыл жасау» екендігін және бостандық үшін күрес жолында барлық республикашылар бірлігінің қажеттілігін тағы бір рет сыйпаттайтындығы атап көрсетіледі.

14 февральдағы демонстрацияға тыйым салуға қарсы Сена департаментінің Бірінкесі кәсіподағы да күшті наразылық білдірген. «Юманите» «14 февраль Комитетіне» көрнекті қоғам және саяси қайраткерлерінің жаңа бір тобы, соның ішінде Ұлттық жыйналыстың депутаты Пьер Кот, бұрынғы министр Жюстен Годар, полковник Фавр, профессор Адамар және басқалары қосылғандығын хабарлайды.

ФРАНЦИЯ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ БОНН ЖӘНЕ ПАРИЖ ДОГОВОРЛАРЫНА ҚАРСЫ

ПАРИЖ, 4 февраль. (СОТА). Кеше Париждың төңірегіндегі Сен-Дени қаласында «европалық армияның» жасалуына қарсы наразылық митингісі болды. Митингте МРП партиясының бұрынғы мүшесі Андро Дени, Француз Коммунистік партиясының секретары

Коммунистердің қамқорлығы

Аманкелді атындағы колхоз (Преснов ауданы) партия ұйымы қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, егер, мал қыстау маусымын үлгілі өткізу жұмысына жете назар аударып келеді. Мұнда көптеген коммунистер мал шаруашылығында тікелей жұмыс істеп, мал өсірушілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізеді.

Мәселен, қой фермасының меңгерушісі Ө. Сәлібаев жолдас шопандардың колхоз қойын күйлі, шығынсыз өсіруіне жетісуде. Ол шопандардың өзара социалистік жарысын ұйымдастырып, оның орындалуын тексеріп отырады. Коммунист Сә-

тібаев жолдас шопандар арасында сентябрь Пленумының қаулысы, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөнінде өңгімелер өткізіп, дауыстап газет оқыды. Сыйыр фермасының меңгерушісі коммунист Рақыметов жолдас жөнінде де осыны айтуға болады. Мал күтуші коммунист Сыздықов озат шопан коммунист Төленов жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен басқаларға үлгі-өнеге көрсетуде.

Колхоз коммунистері қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қамқорлықты барған сайын арттыра бер-

М. ӘКІМЖАНОВ.

жаратылыс тақырыптарда лекция тыңдау үшін лекция залына жыйналады. Мұнда лекцияны педагогикалық училищенің оқытушылары оқыды.

Жуырда педагогикалық училищенің жас сайлаушыларымен өңгіме өткізілді. Жас сайлаушылар совет мемлекетінің құрылысы туралы лекция тыңдады.

КІТАП ОҚУШЫЛАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Жуырда Ленин орта мектебінің (Октябрь ауданы) онышы класс оқушылары жазушы С. Мұқановтың «Ботакөз» романы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізді. Конференцияға қатысушылар роман туралы өздерінің пікірлерін ортаға салды.

М. КӨБЕНОВ.

Сын мен өзара сынсыз өтті

„Комсомолка“ тігін фабрикасы кәсіподақ ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы туралы

Фабрика кәсіподақ ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы бүгін болатындығы туралы хабарландырудың үш-төрт күннен бері іаулі турғанына қарамастия, есеп беру-сайлау жыйналысы тара-са бастады.

—Жолдастар, кәзір есеп беру-сайлау жыйналысы болады. Асханаға жыйналыңыздар, тамақтаныңыздар,—деген цех кәсіподақ комитеті председателдері мен кәсіподақ топтары ұйымдастырушыларының ескертулері де тігіншілерге оншалықты әсер етпеді. Жыйналысқа қарамай, үйлеріне кеткендер саны көбейе берді. Ақыры, есеп беру-сайлау жыйналысына тігіншілердің үштен бірі ғана катысты.

Жуырда болып өткен қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасы кәсіподақ ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы, міне, нақ осындай жағдайда өткізілді. Фабрика жұмысшылары кәсіподақ комитетінің председателі А. Незнаева жолдас бұл жағдайды тігіншілердің жұмыстан қалжырағандығынан және олардың көпшілігінің жастығынан деп түсіндіруге тырысады.

Фабрика бұдан екі-үш жыл бұрын қаладағы алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бірінен саналды. Рационализатор тігіншілердің қажырлы еңбегі нәтижесінде мұнда бірнеше ондаған мың сом мемлекет қаржысы үнемделді. Ал, соңғы үш жыл бойы фабрика коллективі өзінің өндірістік тапсырмасын орындай алмай келеді. Киімдердің түр-түрін шығаруды игеру жоспары мұнда мүлде орындалған емес.

Міне, бұл жағдайдың себептері жұмысшылардың бұдан бұрынғы болған жыйналыстарында қызу өңгіме болып, онда тігіншілер фабрика басшыларының алдына еңбек өнімділігін арттырудың жолдары туралы өз ұсыныстарын айтып, мәселе қойған болатын. Бірақ, тігіншілердің бұл ігілікті ұсыныстары мен тілектері фабрика басшылары тарапынан қолдау

таба алмады. Мұның өзі фабрика коллективінің еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күресіне керісінше әсер етті. Ал, фабриканың бас механигі Козлов сыяқты басшылар сын айтқан тігіншілерді күдалауға дейін барды.

Шын мәнісінде, тігіншілердің бүгінгі есеп беру-сайлау жыйналыстарына толық қатыспауларының себептері, міне, осындай болатын.

Сондықтан да фабрика кәсіподақ ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы төмен дәрежеде өткен жыйналыстардың бірі болды. Бұл жыйналыс фабрика кәсіподақ ұйымының екі жылдан бері өткізіліп отырған бірінші есеп беру-сайлау жыйналысы болатын.

—Фабрика 1952 жылдың жоспарын 101 процент, 1953 жылдың жоспарын товарлы өнім бойынша 107,3 процент, ал, жалпы өнім бойынша 96,4 процент орындады. Өткен жылы жоспарланған 26 түрлі киімнің 16 түрі ғана меңгерілді, киімнің сапасы нашар. Сауда орындары 6407 тігуді киімді фабрикаға кері қайтарды. Фабрика сорттылығы төмендетілгендіктен 18,200 сом зиян шекті.

Бұл кемшіліктердің орын алған себебін Незнаева жолдас деркесінде қажетті материалдардың жеткізілмегендігінен, электр қуатының жеткіліксіздігінен және арнаулы машиналардың тоқтаусыз жұмыс істемей алынуынан деп түсіндірді.

Расында да, кейбір реттерде фабрикаға қажетті материал деркесінде жеткізілмейді. Бірақ, оның себебі неде? Оның себебі, фабрианың жоспарлау бөлімі мен жабдықтау бөлімі қандай киімдерге қаншалықты мата қажет екендігі туралы күн-бұрын ескермейді. Фабриканы матамен жабдықтаушы кәсіпорындар күн-бүрын хабарландырылмайды. Жабдықтау бөлімінің бастығы Иванченко жолдас қажетті материалды жіберу туралы тек 10-15 күн қалған кездерде ғана телеграмма үстіне

телеграмма беріп, асыға бастайды. Бұл жағдай туралы есепті баяндамада ешнәрсе айтылмады.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің халық тұтынатын товарларды көптеп шығару туралы қаулысына сәйкес фабрика тігіншілері тігілетін киімдердің түрлерін көбейту және өнімнің өзіндік құнын кеміту жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алған болатын. Амад не, фабрианың кәсіподақ комитеті жұмысшылардың бұл бастамасын қолдап, оның жүзеге асырылуына толық жағдай жасамады.

Фабриканың кәсіподақ комитеті коллективтік шарттың орындалуын бақылап отыруды да естен шығарған. Жұмыс істейтін орындардың қолайсыз болуы, еңбек өнімділігін арттыруға қажетті жағдайлардың ескерілмеуі, міне, осыдан деп түсіндіруіміз керек.

Сын және өзара сынсыз, кемшіліктердің бетін ашпаған есепті баяндама жұмысшылардың жарыссөзге белсене қатысуын қамтамасыз ете алмады. Есепті баяндамадан соң басталған жарыссөзге шығушы жұмысшылар саны да, айтылған сын пікірлер де өте аз болды. Бұл жағдайдың себебін жыйналыста сөйлеген пішунші Мореева жолдасының сөзімен түсіндіруге болады. Ол былай деді:

— Фабриканың өндірістік жоспарды орындай алмай отырғандығы туралы бұдан бұрынғы жыйналыстарда да көптеген өңгімелер болды. Онда біз еңбек өнімділігін арттыру туралы өз пікірімізді ортаға салған болатынбыз. Бірақ, одан қорытылды шығарған фабрика дирекциясы, партком, кәсіподақ комитеті болған жоқ.

Шынында да «Комсомолка» тігін фабрикасы басшыларының кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, еңбек өнімділігін арттырудың нақтылы жолын белгілейтін кезі келген жоқ па?

Т. КӘКІМОВ.

тип, қалыңдатып отырады.—Осы колхозда жылқышы М. Қасенов жолдас—делінген тілші хатында,—өткен жылы 26 биеден 26 құлын алып, аман өсірген болатын. Ол үстеміздігі қыста 83 жылқыны тебіне бағып, қонды сақтап келеді. Колхоз басқармасы Қасенов жолдасының еңбектегі

Жылқы шаруашылығы өркендеуде

Мамлют ауданындағы «Победа» колхозында жылқы шаруашылығы жылдан-жылға өркендеп келеді. Жылқы фермасын мал бағуда тәжірибесі мол А. Нохрин жолдас басқарады. Ол өз міндетіне жауапкершілікпен қарап, жылқылардың зоотехникалық-малдәрігерлік ережеге сай бағып-күтілуіне ерекше назар аударды.

сайлаушылар сыяқты ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу жолындағы күреске белсене қатысуда. Жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары осы күрестің ұйымдастырушысы бола білулері керек.

Осының арқасында быйылғы жылы да жылқы шығынсыз және күйлі, қонды өсірілуде.

Құлындайтын 32 бие жақын арада арнаулы күтімге қойылды. Құлындар тұратын жайлы орындар әзір етілді.

М. АХМЕТОВ.

ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕТҮДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҮШІНШІ ЗАЕМЫ 11-ұтыс тиражының табицасы

Тираж 1954 жылғы 24 январьда Ақмола қаласында өткізілді. Тиражда 508.816.400 сомның 1.892.750 ұтысы ойналды. Заемның барлық разрядындағы сериялар мен облигациялардың мына номерлеріне ұтыс шықты:

Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен
040025	1—50	200	044950	35*	1.000	049375	17*	1.000	054367	10*	1.000
040222	41*	1.000	044968	43*	1.000	049399	1—50	200	054654	1—50	200
040265	41*	1.000	045016	04*	1.000	049498	1—50	500	054742	1—50	500
040316	11*	25.000	045035	10*	10.000	049500	11*	1.000	054780	18*	1.000
040392	48*	1.000	045059	15*	1.000	049800	21*	1.000	054942	12*	1.000
040428	1—50	200	045090	50*	1.000	049814	43*	1.000	054957	33*	1.000
040537	16*	1.000	045342	1—50	200	050430	1—50	200	054992	02*	1.000
040609	26*	1.000	045346	37*	1.000	050470	48*	1.000	055125	40*	1.000
040616	1—50	500	045851	1—50	200	050615	29*	1.000	055180	19*	1.000
041080	02*	1.000	046150	21*	1.000	050659	35*	1.000	055492	1—50	500
041289	39*	1.000	046310	22*	1.000	050716	1—50	500	055506	1—50	500
041479	1—50	200	046323	22*	5.000	050845	37*	1.000	055729	32*	1.000
041494	40*	5.000	046462	49*	5.000	051029	36*	1.000	055801	1—50	500
041617	09*	1.000	046529	40*	1.000	051040	1—50	200	055814	1—50	200
041743	45*	5.000	046876	24*	1.000	051316	19*	1.000	055923	12*	1.000
041937	45*	1.000	046908	08*	1.000	051381	16*	1.000	055949	37*	1.000
041953	36*	1.000	046924	40*	1.000	051411	18*	1.000	056246	49*	1.000
042029	04*	1.000	046999	1—50	500	051487	07*	5.000	056274	1—50	200
042116	50*	1.000	047115	04*	1.000	051516	10*	1.000	056451	38*	1.000
042204	17*	1.000	047152	39*	1.000	051720	41*	1.000	056515	1—50	200
042211	18*	5.000	047300	11*	10.000	051828	1—50	500	056935	1—50	200
042234	1—50	500	047330	22*	1.000	051865	13*	1.000	056960	07*	1.000
042286	36*	1.000	047521	39*	1.000	051871	44*	10.000	056991	22*	1.000
042463	29*	1.000	047614	1—50	500	052001	1—50	200	057030	11*	1.000
042567	39*	1.000	047714	21*	5.000	052029	31*	1.000	057183	1—50	500
042711	1—50	200	047947	1—50	200	052104	33*	1.000	057484	50*	1.000
042777	28*	1.000	047958	37*	1.000	052188	42*	1.000	057588	46*	1.000
042937	07*	1.000	048064	39*	1.000	052254	18*	1.000	057589	1—50	200
042997	10*	1.000	048081	39*	1.000	052317	36*	1.000	057884	48*	1.000
043625	40*	1.000	048164	10*	10.000	052375	01*	1.000	057905	1—25	200
043688	42*	5.000	048436	08*	1.000	052415	1—50	200	057966	1—50	500
043720	1—50	500	048481	1—50	200	052729	26*	1.000	058271	1—50	200
043753	1—50	500	048656	1—50	500	052756	13*	1.000	058593	34*	1.000
043770	13*	1.000	048730	29*	1.000	052906	1—50	200	058612	19*	1.000
043840	13*	1.000	048763	1—50	200	053517	23*	10.000	058840	41*	1.000
043969	27*	1.000	048837	35*	1.000	053582	1—50	500	058979	49*	50.000
044156	09*	1.000	048895	1—50	200	053763	11*	1.000	059136	50*	1.000
044306	35*	1.000	048941	1—50	200	053830	1—50	500	059204	40*	5.000
044358	43*	1.000	049051	1—50	200	054049	50*	1.000	059346	1—50	200
044690	47*	1.000	049080	25*	1.000	054115	14*	5.000	059481	1—50	200
044787	34*	1.000	049231	48*	25.000	054179	1—50	200	059546	1—50	200
044890	35*	1.000	049276	1—50	500	054292	1—50	500	059616	19*	1.000

* Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 номеріне 200 сомнан ұтыс шықты.

тан, Ұлттық жыйналыстың депутаты радикал-социалист Морис Бене және басқалары сөз сөйледі. Сөйлеушілердің бәрі «европалық армия» дейтіннің шырғауы астында Батыс Германияны қаруландыру саясатын бірауыздан әшкерелей сөйледі. «Европалық қорғаныс бірлестігінен бастарту қажет, — деді Андрэ Дени. — Бейбітшілік және келісімге жетісу осыған байланысты».

«Европалық қорғаныс бірлестігінің» жасақталуына қарсы наразылық білдіру петициясына Парижда кәзірдің өзінде-ақ бір миллионнан астам адам қол қойған.

Редактор Ф. МУХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨЛЕҢКЕЛЕР»

Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»

Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,20-да басталады.

Жезқазған, Теміртау, Қарағанды және Петропавл қалаларының кәсіпорындары мен құрылыстарында істеу үшін жұмысшылар қабылданады.

Еңбек шартын жасасқан жұмысшыларға қайтып алынбайтын көмек, жол ақысы және баратын жеріне дейін тегін билет беріледі, жүктері тегін жеткізіледі.

Жұмысқа кіру үшін мына адресстер бойынша жолығуға болады: Петропавл қаласы, Папанин көшесі 98-үй, вокзалда—жөн сілтейтін бюро, ал селолық жерлерде—еңбекшілер депутаттарының селолық және аудандық Совет аткомдері.

Петропавл қаласы, 1-полоса көшесі, № 125 үйде тұрушы Нинель Ивановна Рубцова Тағанрог қаласы, Смирнов бұрылысы, № 41 үйде тұрушы Евгений Трофимович Рубцовтан айрылатыны туралы арыз берді.

Іс Петропавл қалалық 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСИ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-38, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.